

КЕЖМ «АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ-ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»



Бекітемін
АЛМАТАУЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ-ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
Директоры
Г.Ч.Кунчайев
2023 ж.

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕРЕЖЕСІ



Алматы, 2023

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТИҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Әдістемелік ұсынымдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жастар ісі жөніндегі Комитеттің қалыптастыру және оның қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Жастар ісі жөніндегі Комитет (бұдан әрі - ЖІЖК) КЕЖМ "Алматы технологиялық-қаржы және инновациялық-техникалық колледжінің" (бұдан әрі - колледж) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және білім алушы жастардың тыныс-тіршілігінің маңызды мәселелерін шешуге, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған мақсаттарды іске асыру үшін құрылады.

1.3. ЖІЖК колледж директоры бекіткен ЖІЖК туралы ереже негізінде әрекет етеді.

1.4. Өз қызметінде ЖІЖК Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы", "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Зандарын, колледждің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін басшылықта алады.

2. Жастар ісі жөніндегі Комитеттің мақсаттары мен міндеттері

2.1. ЖІЖК мақсаты білім алушылардың рухани, адамгершілік, зияткерлік және мәдени жағынан дамуына жағдай жасау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу болып табылады.

2.2. ЖІЖК қызметінің міндеттері:

- білім алушылардың өзін-өзі басқару шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру, оларды қоғам өміріне құзыретті және жауапты атсалысуға дайындау;
- білім алушылардың бойында патриотизмді, жауапкершілікті және болашак кәсібіне деген құрметті қалыптастыру;
- білім алушыларды қалалық, облыстық, респубикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысуға тарту;
- білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту үшін жағдай жасау;
- колледждің қоғамдық өміріне білім алушыларды толық тарту;
- тәуелсіз ойлауды, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық шеберліктерін дамыту;
- білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және қолдау.

3. Жастар ісі жөніндегі Комитеттің құрылымы

3.1 ЖІЖК Президент және оның орынбасарларынан, көшбасшылар мен фракция мүшелерінен тұрады.

3.2. Президент пен комитет мүшелері бір оқу жылына сайланады.

3.3. ЖІЖК өзара көмек, сенім, ашықтық, еріктілік, адалдық қагидаттарына негізделген.

4. ЖІЖК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

4.1 Құқықтары:

- ережелер мен жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысу;

- білім алушылардың оқу тәртібін және білім беру үйымының ішкі тәртіп ережелерін бұзуына байланысты мәселелерді қарауға қатысу;
- білім алушыларды оқу және оқудан тыс қызмет салаларындағы жетістіктері үшін көтермелеу жүйесін әзірлеуге қатысу;
- білім беру үйымындағы білім алушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау және талқылауға қатысу.

4.2 Міндеттері:

- ЖІЖК қызметінің Ережесі мен жоспарына сәйкес жұмыс жүргізу;
- колледждің ішкі тәртіп ережелері мен Жарғысын орындау негізінде білім алушылармен жұмыс жүргізу;
- білім алушылардың барлық өтініштері мен қалауларын белгіленген тәртіппен уақтылы қарау;
- білім алушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;
- қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды құруға, сондай-ақ білім алушылардың окуы мен демалуы үшін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу;
- білім беру үйымының басшылығы алдында білім алушылардың мұдделерін ұсыну және қорғау.
- колледж басшылығына өз қызметі туралы хабарлау.

5. Жастар ісі жөніндегі Комитеттің қызметі

5.1 ЖІЖК қызметі колледже әртүрлі пікірлер мен мұдделерді ұсынудың өзіндік арнасы болып табылады, ол арқылы білім алушылар ақпарат алады және қабылданған және қабылданатын шешімдер туралы өз пікірін білдіреді.

5.2. ЖІЖК төрағасы директордың оқу-тәrbie ісі жөніндегі орынбасарымен келісілген оқу жылына арналған ЖІЖК жұмыс жоспарын колледж директорының бекітуіне ұсынады.

5.3. ЖІЖК қызметін жоспарлау колледждің жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

5.4 ЖІЖК келесі бағыттар бойынша бөлім құрамын қалыптастырады және бекітеді:

- Құқық және тәртіп фракциясы.
- Спорт және салауатты өмір салты фракциясы..
- Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
- Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
- Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
- Пікірсайыс қозғалысының фракциясы.
- Экология және еңбек фракциясы.

6. Жастар ісі жөніндегі Комитеттің қызметін қамтамасыз ету

Жастар ісі жөніндегі Комитеттің қызметін қамтамасыз ету үшін колледж басшылығы қажетті жағдайлар жасайды, гимараттарды өтеусіз пайдалануға береді.